

Әбілмәмбет Болатұлының қоғамдық-саяси қызметі

Ә.Қ. Мұқтар т.ғ.д., профессор

Абылай ханның: «Менің ата-бабаларым Барақ хан, Жәнібек хан, Жәдік хан, Шығай хан, Есім хан, Жәңгір хан, Тәуке хан, Болат хан, Қайып хан, Әбілқайыр хан, Әбілмәмбет хан, олардан соң енді мен Абылай ханмын» - деген 1767 жылы 14 желтоқсанда Омбы әкімшілігіне жолдаған хатында (1) көрсетілген қазақтың бас хандарының тізіміндегі Әбілмәмбет ханның өмірі мен қызметі, еліне сіңірген еңбегі, қадір-қасиеті бүгінге дейін зерделеніп, лайықты бағасын алды деу қиын. Кешегі кеңестік заманда Қожаберген жырау атынан:

Әбілмәмбет солқылдақ.

Ақ балықша борпылдап,

Келіспейді ерлермен

Қабандарша қорсылдап, – деп айтылды деген өлең жолдар да ұрпақ санасына күйылып келді. Ал Әбілмәмбет ханмен талай кездесіп, қазақ-орыс қатынасына ықпал жасаған Орынбор әкімшілігі кеңсесінің шенеунігі П.И.Рычков 1762 жылы жазған еңбегінде Әбілмәмбетті «жуас мінезді» адам ретінде сипаттап: «өз тыныштығы үшін Ордадан Түркістанға көшті. Оның ресейлік тарапқа еш қарсылығы болмады» (2) - деген қорытынды жасап, Әбілқайыр ханмен салыстырған болатын. Міне осындай түйіндеулер қазақ тарихында Әбілмәмбет хан сынды тұлғаны танып білуде біржақты көзқарастың қалыптасуына негізгі арқау болды.

Сонымен Абылай хан мойындаған қазақтың бас ханы Әбілмәмбет хан кім? Оның ата-бабасы туралы алғашқы деректі Қадырғали Қосымұлы 1602 жылы жазған «Жылнамалар жинағы» еңбегінде келтіреді. Автор «Барақ ханды жеңімпаз батыр, алып еді деседі. Айналасындағы уалаяттарды өзіне тәуелді қылды. Ақырында Еділ мен Жайықтың арасы, Сарайшыққа жақын Қазы, Наурызбек ұрыста ажал тапты. Оның ұлын Кіші Жәнібек хан деп атайды. Бұл Жәнібек хан атасының ұлысын биледі. Оның ұлдары көп еді. Аңызға айналған ... зағлы қырық інісі бар. Есімдері белгілі ұлдары мен немерелері осы еңбекте айтылады. Аты әйгілі болған ұлдары мыналар: Қасым хан, Қанбар сұлтан. Бұл екеуі бір анадан. Осак хан, Надик хан. Бұл екеуі бір анадан» дей келе, Әбілмәмбеттің атасы Надиктің (Жәдіктің - Ә.М.) Шағым мырзамен шайқаста қаза тауып, Үргеніштегі Бақырған әулие күмбезінде жерленгендігін, одан туған Шығай ханның «батырлығы мәлім-мәшһүр» деп Күмішкенттегі Әлі атаның күмбезінде жерленгендігін атап өткен (3).

1663-1674 жылдары жазылған Әбілғазы баһадүр ханның «Түрік шежіресі (Шежіре-и түрік)» еңбегінде Әбілмәмбет аталарын «Шыңғыс хан – Жошы хан – Тоқай темір – Хожа – Бадақұл ұғлан – Орыс хан- Құйыршық хан – Барақ хан - Әбусағит (лақабы Жәнібек хан). Оның тоғыз ұлы бар еді. ... Өсік, Жәдік» - деп тарқата түскен (4). Аталған еңбекті пайдаланған Шәкәрім қажы: «Жәдіктен – Қасым-Сығай-Тәуекел-Есім-Жәңгір-Тәуке-Болат ханды таратып, Болаттан екі ұл Сәмеке, Әбілмәмбет туған» (5) деген тоқтамға

келеді.

Әбілмәмбет хан шежіресіне орыс үкіметі XVIII ғасырдың I жартысында – ақ қызығушылық танытты. Әсіресе, Орынбор әкімшілігінен бұл мәселені аудармашы А.И.Тевкелев шеберлікпен жүргізді. Аудармашыны қазақ даласына Әбілқайыр ханға жібере отырып, патша саясаткерлері «Қазақтың үш Ордасындағы барлық хан, сұлтандардың тегін анықтап тірілерін бір, өлілерін екі дөңгелекпен қоршап, мемлекеттік коллегияға тапсыруды жүктеді» (6). Ол 1748 жылы 24 қыркүйекте Жәнібек ханнан тараған Өсік пен Жәдіктен туған ұлдарды алғаш рет тізбелеп Ресей Сыртқы істер алқасына тапсырады.

Сонымен Қ.Қосымұлы, Әбілғазы, А.Тевкелев және Ш.Құдайбердіұлы деректері Әбілмәмбеттің қазақтың бас хандары тегінен екендігін толық дәлелдейді. Мұның өзі оның қазақ қоғамында алар орнын анықтап қана қойған жоқ, болашақ атқарар қызметінің қаншалықты салмақты болатындығын да аңғартты.

Әбілмәмбеттің - Болат ханның үлкен ұлы, Тәуке ханның немересі екендігі анық. Бүгінгі тарихшылар Болат ханды 1715 – 1724 жылдардағы Орта жүз ханы деп көрсеткенімен, Абылайдың жоғарыдағы хаты оның әке жолын жалғастырып, аз уақыт болса да барша қазақтың бас ханы болғандығын дәлелдейді. Біздіңше, Абылай хатына, ондағы келтірілген тізімге толық сенуге болады. Өйткені, Абылайдың өзге хандарды қоспай тек қана бас хандарды анықтап, өзін соңына қосуы заңдылық болатын және оның өз ата-бабаларын шатастыруы мүмкін емес. Ал 1735 жылы Орынбор экспедициясына тапсырылған сарт Нұрмұхамед атынан құрылған «Орта орда ханы: Жәңгір хан, одан кейін Батыр хан, содан Тәуке хан, Қайып хан, Сәмеке хан болып таратылатын» кестені жалпы қазақ Ордаларындағы хандар тізімі ретінде қабылдауға болады (7).

Әбілмәмбеттің аталары туралы фольклорлық, мұрағаттық деректер болғанымен, өз әкесі Болат хан туралы деректер жоқтың қасы. Кезінде А.И.Левшин «Тәуке ханның баласы, Әбілмәмбеттің әкесі Болат туралы еш мәлімет таба алмадым, соған қарағанда ол атағын шығаратындай ештеңе жасамаған сияқты» (8) деген-ді.

А.И.Левшин еңбегімен таныс М.Тынышпаев Болат ханды «жігерсіз, жылдам шешім қабылдай алмайтын адам» ретінде сипаттайды (9). Зерттеушілер пікірлері XVIII ғасырдағы «Елім-ай» дастанындағы «Сәмеке, Қайып, Болат дәрменсіз боп, кездейсоқ ел жағдайы оңа алмады» деген жолдармен де толықтырыла түседі. Яғни, Болат билікке әкесі Тәуке хан 1715 жылы қайтыс болғаннан кейін мұрагерлік жолмен сайланып, ел қолда-уына ие болған (10).

Дегенмен араға уақыт сала қазақ елін басқару Хұсырауұлы Қайыпқа көшкен. Қайыптың бас хандыққа отырғанын, қазақ елшілерінің Сібір губернаторы М.П. Гагаринге келуі туралы құжаттар айғақтайды. Орыс мұрағатындағы 1715-1719 жылдардағы деректер Қайыптың барша қазақ атынан орыс-қазақ келіссөздерін жүргізгенін, оның жанында Әбілқайыр ханның болғандығын дәлелдейді (6, С. 16-30).

1715 жылы 4 қыркүйекте Кіші жүз ханы Әбілқайырдан I Петр патшаға жолданған хатта Тәуке ханның қайтыс болғандығы, ендігі жағдайда өзінің Қайып ханмен бірге қазақ-орыс қарым-қатынасындағы мәселелерді бірлесе шешіп жүргендігі анық жазылған (11). Осы тұстағы хаттарда Болат ханның аты бірде-бір рет аталмайды. Олай болса, Болат ханның өзі Қайыптың қайраткерлігін мойындаған және оның заңды билігіне мойын ұсынған деген тоқтамға келуге болады. Белгілі зерттеуші И.В. Ерофеева «алғаш рет болжам түрінде айтылған белгілі зерттеуші М.Тынышпаевтың: «Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін Болат хан оның мұрагері ретінде қазақтың үлкен ханы болып, 1730 жылға дейін өмір сүріп, Аңырақай жеңісінен кейін қайтыс болды» деген пікірі соңғы алпыс жыл көлемінде қазақстандық және ресейлік ғалымдардың еңбектерінде толық орнықты. Алайда, бүгінгі тарихшыларға белгілі ХҮІІІ ғасырдың бірінші жартысындағы барлық құжаттар бұл ханның үлкен мәртебесі туралы мәліметті растамайды, растамақ тұрмақ бірде-бір құжатта не замандастары-ның айтуында Шыңғыс ұрпақтарының арасында Тәукенің үлкен ұлының жоғары мәртебесі туралы емеурін де білінбейді, тіпті Болаттың есімінің өзі сирек аталады. ХҮІІІ ғасырдың 30-80 жылдарында қазақ даласының көптеген ықпалды және көп нәрседен хабардар адамдары сол уақытта және басқа кездері Тәуке, Қайып, Әбілқайыр, Әбілмәмбет пен Абылай хандарды үлкен хан деп атағанымен, олардың ешқайсысы бірде-бір рет Болат есімін атаған емес» деп түйіндейді (10, С. 157). Әрине, бұл арада автордың Болаттың бас хан болғанына күмәндәнуі орынды. Өйткені, зерттеушіге жоғарыдағы Абылай ханның хаты кездеспеген. Біздіңше, Болат аз уақыт болса да бас хан тағында болған. Билік Қайып ханға тапсырылғаннан кейін Болат Орта жүздегі найман, қыпшақ, арғын руларын басқарған. Болат Тәукеұлын Шәкәрім қажы Қазақ тарихындағы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары немесе 1723-1724 жылдары атамай, Орта жүзде Болат ханның баласы Сәмеке басқарды» (5,С.52) деген қорытынды жасаған. Яғни, бұл кезеңде Болат хан қайтыс болған сияқты. Шәкәрімнің Сәмекені Болат ханның баласы деп қайта-қайта жазуы шындыққа жанаспайды. Өйткені Сәмеке де Тәукеден тарайды, Болаттың бауыры.

Сәмекенің 1724-1726 жылдары хан ретінде атала бастауы Астрахань губерниясының шенеуніктерінің хаттарынан да байқалады. Олар оны «қазақ және қарақалпақ ханы» деп атайды (11, С.158)

Әбілмәмбет сұлтан әкесі Болат хан қайтыс болғаннан кейін, немере ағасы Сәмеке ханмен бірге Түркістанда тұрақтаған. Ол дәл сол кезеңде мұрағат деректерінде көрініс таппаса да, өзге белгілі қазақтар қатарында жоңғарларға қарсы азаттық соғысқа белсене қатысты деуімізге болады. Өйткені ел қорғау барша қазақтың ортақ борышы болатын. 1730 жылы 20 шілдеде Уфа әскери кеңсесіне жолданған Әбілқайыр хан хатында Әбілмәмбет Барақ, Жолбарыс сияқты тұлғалармен бірге аталды. Мұрағаттық құжатта Әбілмәмбет сұлтан хан деп қате жазылғанына қарамастан, оның сол тұста-ақ ел алдына шыққан тұлғалар қатарында аталуы көп нәрсені аңғартса керек. Кейін 1731 жылы 16 желтоқсанда табын Бөкенбай батыр орыс елшісі

А. Тевкелевке «Орта жүзде екі хан: Сәмеке хан мен Күшік хан және екі сұлтан – Барақ сұлтан мен Әбілмәмбет сұлтан бар» (12) деп нақты атап өткен.

Міне осы орыс елшісі араға уақыт сала Құдайназар мырзаны, башқұрт Таймас Шаимовты Сәмеке ханға жіберген. Елшілер 1731 жылы 19 желтоқсанда Сәмекемен кездесіп, Әбілқайырдың Ресеймен келісімге келгендігін және Ресейге жоңғар шапқыншылығынан қорғануы үшін салық төлейтіндігін жеткізген. Сәмеке Әбілқайырдың көпшіліктің келісімінсіз жасаған тәуекеліне наразылық танытқанымен, елдегі жағдайды ескеріп, жыл сайын 2000 түлкі, 1000 қарсақ терісін беруге уәде бергенімен, Уфаға аманат ретінде ұлдарын жіберуге келіспеген. Осы тұста Сәмеке ханның Барақ, Әбілмәмбет сұлтандармен, Жәнібек батырмен бірлесіп Қонтайшыға қарсы соғысты жоспарлағаны белгілі болды (6, С.64).

XVIII ғасырдың 30 жылдары Әбілмәмбет сұлтан Күшік ханмен де араласты. 1735 жылдары Күшік ханның жанында Барақ сұлтан жүрді. Күшік пен Барақ найман, қоңырат руларын басқарған Тұрсын ханың ұлдары болатын. Ал Тұрсын ханның өзі жоғарыда аталған Болат, Сәмекелермен немере бауыр, барлығы атақты Сығай ханнан қосылатын. Күшік хан мен Барақ сұлтандар 1735 жылы желтоқсан айында А.Тевкелевке арнайы хат жолдап, өзара елші алмасуға шақырды (6, С.123). Бұл кезеңде Барақ сұлтан Торғай өзенінде, Жәнібек батыр Ақсақал көліне құятын Ырғыз өзеніне, Сәмеке хан мен Әбілмәмбет сұлтан Ертіс өзеніне жақын маңда көшіп қонған (6, С.126). Осы сәтте орыс үкіметі аталған хан, сұлтан, батырлардың 1735-1736 жылдардағы башқұрттардың азаттық соғысына көзқарасын анықтауға күш салады. Орынбор экспедициясының басшысы И.Кириллов 1736 жылы жаз айларында қазақ даласына арнайы ноғай Көбекті жіберді. Көбек Әбілқайыр хан, Әбілмәмбет сұлтандарда болып, хан қызметшісі Байбекпен бірге қазан айының соңында Орынборға оралып, қазақтардың Қалдан-Церенмен оң қарым-қатынас орнатқанын, өзара соғыстың жоқтығын хабарлаған және башқұрт мәселесіне қазақтардың араласпайтындығын мәлімдеген. Дегенмен кейінгі оқиғалар қазақтардың башқұрттармен керісінше тығыз байланыста екендігін дәлелдейді. 1737 жылы жаңа башқұрт көтерілісі басталар кезеңде башқұрттар алдын-ала қазақтармен болашақ мәселені талқылай бастады. Осы жылы 30 сәуірде Әбілмәмбет сұлтанға 40 башқұрт елшісі келіп, «Ресейдің оларды қырып-жойып, жастарын соғысқа алып, шоқындырып жатқанын» хабарлап, қиын-қыстау заман туа қалса қазақ иеліктеріне көшіп келу мәселесін көтерген(13). Кездесу соңында Әбілмәмбет сұлтан 2000 башқұрт түтінін қабылдауға келісімін берген. 1737 жылы 31 мамырда Сібір драгун полкінің полковнигі И.Арсеньев Сібір губерниясы кеңсесіне жолдаған хатында башқұрттардың жиналып 12 адамды Сәмекеге жіберіп, ханның қолдауына ие болуды көздегенін жазады. Соңында Сәмеке хан башқұрттарға 40 жасауылмен бірге өз адамдарын жіберуге уәде берген. Мұндай күрделі мәселені Әбілқайыр, Сәмеке хандар үнемі бірге талқылап, соңында Әбілқайыр 1000 адамымен Башкирияға баруды қажет деп тапқан (14). Сонымен, башқұрттар өзінің оңтүстік шебін нығарлап, қазақтан қорған

табу үшін қазақ сұлтандарын өздеріне шақырды. Тарихшы Г.Б.Ізбасарова: «Неліктен башқұрттар Ресей боданы бола отырып, өздерін басқаруға қазақ ханын шақырды? Өз араларынан лайықты башқұрт старшынын таба алмады ма?» деген сұрақты қоя отырып, оған Н.В.Устюговтың «Бұрынғы моңғолдар империясына қарасты тайпалар арасында әлі де болса Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының беделі өте жоғары болды. Хан тек қана Шыңғыс әулетінен болуы тиіс деп есептелінді. Ал, қазақ хандары мен сұлтандары Шыңғыстың үлкен ұлы Жошыдан бастау алады» (15), - деген тұжырымын алға тартады.

Қалай болғанда да башқұрттар бодандық бұғауын үзу үшін қазақтармен одақтасуға мүдделілік танытты. 1737 жылы жаз басталысымен тағы да башқұрт елшілері Кіші, Орта жүздерге келіп жетті. Маусым айында олар Әбілмәмбет, Абылай, Барақ сұлтандарға келсе, сәл кейін Әбілқайыр ханмен жолығып, Орынбор қаласындағы аманаттағы Ерәлі сұлтанды құтқаруға көмектесетінін жеткізген. Көп ұзамай Сәмеке хан мен Барақ әскерлері Ор өзеніне жетіп, башқұрт көтерілісі басшыларының бірімен кездесіп, болашақ бірлескен қимылдары туралы келісімге қол жеткізген.

1737 жылы шілде айында Сұлтанмұрат бастаған 30 башқұрт Әбілмәмбет пен Бараққа келіп, қазақ ұлыстарына қабылдауын сұрайды. Ал тамыз айында Ноғай жолының башқұрттары Әбілмәмбетке келіп, Абылай сұлтанды өздеріне хан ретінде жіберуін өтінген (13, 760-769 п.). Көп ұзамай орыс үкіметіне Әбілқайырдың башқұрттарға хан болғысы келетіндігі, Әбілмәмбеттің оларды ашық қолдап жатқандығы белгілі болды. 1737 жылы қыркүйек айында Әбілмәмбет Сақмар бойына 1000 қазағын жіберсе, кейін 45 башқұрт түтінін өз ұлысына қабылдайды. Күзде сұлтанға 13 башқұрт түтінімен бірге ахун Салих те көшіп келіп, керей руы арасына орналасады. Патша үкіметінің башқұрттарды қайтаруды талап еткен хаттарына Әбілмәмбет пен Абылай олардың өзге қазақ руларында екендігін алға тартып, өздерінің Еділ қалмақтарынан қауіптеніп отырғандығын хабарлап, мәселені басқа жаққа аударды (13, 770, 774, 1090 п.). Сұлтанмұрат та өзге башқұрт көтерілісшілеріндей қазақтар арасына сіңіп кетті. 1737 жылы 13 маусымда генерал Л.Я.Соймонов Әбілқайыр ханға хат жолдап, тағы да Сұлтанмұратты қайтаруын өтінді. Патша үкіметі қанша тырысқанымен башқұрт батырын қайтару ойлары жүзеге аспайды. 1739 жылы 28 қыркүйектегі башқұрт комиссиясы «Сұлтанмұрат Барақ сұлтан иелігінде тұрақтаған екен. Ол 1739 жылы қыста Үргенішке сауда-саттық жасай барғанда аттан құлап қайтыс болды» деген хабар алғанына қарамастан, қайткенде де өш алу мақсатында батырдың әйел-балалары мен туған-туысқандарын жазалап, шаңырақтарын талқандаған (16).

Башқұрт – қазақ қарым-қатынасындағы Ресейге қарсы өзара бірлесіп күресудің биік шыңы башқұрттардың Әбілқайыр ханды хан ретінде мойындауы болды. 1738 жылы сәуірде Әбілқайыр жанына башқұрт басшыларын ертіп Орынборға келген. Одан қауіптенген Орынбор коменданты Г.Л.Останков Әбілқайырдың башқұрттарға бұйрық беріп, билік жүргізіп жатқандығын В.Н.Татищевке хабарлайды. Г.Л.Останковтың башқұрт істеріне араласпау туралы ескертпесіне Әбілқайыр хан «Қала (Орынбор - Ә.М.)

менікі, ол менің рұқсатыммен тұрғызылған. Мені тыңдамайтындардың басын аламын», - деп жар салады (13, 998 п.). Кейін Әбілқайыр өз ұлы Қожахметті башқұрттарға бөлек хан сайлап, оны осында алдырту үшін Ноғай жолы башқұрты Көсеп Сұлтанғалиевті елші ретінде қазақ даласына жіберген. Башқұрт елшілері Орынборға жеткенде Г.Л.Останков Көсепті қолға түсіріп, қамауға алды. 1738 жылы 9 мамырда В.Н.Татищев патшаға Әбілқайыр ханның «Ресейге берген уәдесін» бұзғанын, бірақ жағдайды шиеленістірмес үшін «оны елемей» Башкириядан шығаруға күш салатындығын хабарлады (17). Әбілқайырдың түпкі саясатын түсінген орыс саясаткерлері В.Н.Татищевке Орынбор қаласының жағдайын ескеріп, оны қорғап қалуды жүктеп, барлық жауапкершілікті мойнына артып, қайткенде де қазақтармен тез арада кездесу ұйымдастыруды тапсырады. Орынбор комиссиясы басшысы В.Н.Татищев қазақтармен байланысқа тағы да башқұрт тарханы Таймас Шаимовты пайдаланды. Тарханның септігімен Кіші, Орта жүз қазақтарының қатысуымен қазақ-орыс келіссөзі 1738 жылы тамыз айының басында Орынбор қаласының маңындағы Орск қаласында өтті. Кездесу барысында толтырылған хаттамаға сенсек, Әбілқайыр хан жанында аманаттағы Ерәлі сұлтан, 56 би, старшындар болған. Қазақ-орыс келіссөзіне Әбілмәмбет, Абылай сұлтандар қатыспаса да, Әбілқайыр хан олардың «қазір алыс жайлауда екендігін» айтып жеткізген(18). Ханның хабарының дұрыстығын 1738 жылы 31 шілдеде арнайы Әбілмәмбет пен Абылайға жіберілген прапорщик Норов анықтайды. Норов комиссия басшысының «түрлі сыйлықтарын» жеткізіп, екі сұлтанның Ертіс өзені бойларында көшіп-қонып жүргендігін В.Н.Татищевке 8 қыркүйекте хабарлаған (19). 1738 жылы Орта жүзді 1724 жылдан бері басқарған Сәмеке Тәукеұлы қайтыс болды. Ол тұрасында 1738 жылдың 29 тамызы мен 1739 жылдың 5 маусымы аралығында Орынбордан Ташкентке барып қайтқан поручик Карл Миллердің күнделігінен табамыз. Поручик күнделігінде 26 қазанда көпестермен бірге Әбілмәмбет сұлтанмен кездескенін, сұлтанның қайтыс болған немере ағасы Сәмеке ханның орнына сайлану үшін Түркістанға шақыртумен келгендігін, кездесу барысында Әбілмәмбеттің Ташкентке шыққан орыс керуендерін қорғауға уәде бергендігін анық жазған. Ал К.Миллердің жанында болған подпоручик А.Кушелев «Әбілмәмбетпен Түркістанда кездестім. Ол өз ағасы Сәмекенің қайтыс болуына байланысты келген екен. Бірақ неге екенін білмеймін ол хандықты мұрагерлік жолмен қабылдамады» (20) деп қорытады. Сонымен, Сәмеке хан анық 1738 жылдың жаз айларында қайтыс болған. Біздіңше, жаңа хан сайлану уақыты біраз кешіктірілген сияқты. Өйткені жоғарыдағы екі орыс елшісі дәл осы кезеңде Түркістан бағытында болды. Хан сайлау рәсімі өтіп, Әбілмәмбет хан сайланса, олар оны міндетті түрде жазып алған болар еді. Араға уақыт сала хан сайлау мәселесі күн тәртібіне шыққан тұста барлық беделді тұлғалар-Барақ, Абылай сұлтандар, Жәнібек, Бөгенбай батырлар, Түркістандағы Нияз батыр назары Әбілмәмбетке түсті. Содан олар арғын, алтай, уақ, керей руы қазақтарымен бірге Түркістанда Әбілмәмбетті ақ киізге көтеріп хан сайлаған. Орыс деректерінде Әбілмәмбеттің аты алғаш рет хан ретінде 1739 жылдың 22

казанындағы құжатта аталады. Орынбор комиссиясының бастығы, генерал В.Урусовтың Ресейдің Сыртқы істер алқасына жолдаған хатында: «Биылғы жазда Әбілмәмбет хан мен Абылай, Барақ сұлтандар иелігіндегі жерлерге он бір мың қара қалмақ келіпті» (6, С.130-131) деген жолдар жазылған. Бұл деректі 1740 жылғы 19 тамыз бен 1 қыркүйек арасында Орск қаласында өткен Кіші және Орта жүз қазақтарының В.А.Урусовпен кездесуіне келген Жәнібек батыр толықтыра түскен. Жәнібек батыр генералдың «Әбілмәмбет қалай хан болған, сайлаумен болған ба?» деген сұрағына «Әбілмәмбет – Болат ханның ұлы. Былтыр Түркістан қаласында хан сайланған» деп жауап қайтарған. 1740 жылғы қазақ-орыс келіссөзіне Әбілмәмбет хан, Нұралы, Ерәлі, Абылай сұлтандар, Бөкенбай, Есет, Бөгенбай, Жәнібек т.б. белді тұлғалар қатысқан. Кездесуге 24 тамызда Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан бірге келсе, сәл кешігіп, Түркістаннан Нияз батыр да келген. В.А. Урусов Нияз батырмен әңгімелесу үстінде батырдың Сәмеке тұсында Түркістанды басқарғандығын, кейін Әбілмәмбетті хан көтергендігін анықтаған. Сонымен бірге Нияз батыр «Біздің хандар қашан да мұрагерлік жолмен де, туыстық жолмен де сайланады. Ал туыс болып келетін сұлтан хандыққа жарамайтын болса, туыс емес, бірақ лайықты деп саналған басқа сұлтан да сайлана береді» деп бірнеше ханды мысалға келтіріп, санамалап өтіп, Әбілмәмбет хан жөнінде айтып берген. Орынбор басшысы кездесу барысында Әбілмәмбет пен Абылайға қарайтын Орта жүздің ел ағалары мен қазақтары Әбілқайыр басқарған Кіші жүздің қазақтарына қарағанда жуас және тәртіпті екендігін алға тартқан. Әбілмәмбет хан келіссөз үстінде Ресейде жатқан қазақ тұтқындарын босату, сауда керуендерін жандандыру т.б. маңызды мәселелерді талқылап, ел мүддесін көтерді. Өткен қазақ-орыс келіссөздерін қорытып, В.А.Урусов Ресей Сыртқы істер алқасына 8 қыркүйекте есеп жіберген. Есебінде «Әбілмәмбет бұл күнде халықтың сайлауымен Орта жүздің шын мәніндегі ханы болып отыр. Ол екеуі де (Абылайды қосып отыр - Ә.М.) мен Орынборда болғанда патша ағзамға ант беріп, Ресейдің қол астына қабылданды. Хан мен сұлтанға грамоталарды тапсырғанда «ел ағалары» деген жазуды «сұлтан» деп түзеттім. Және Әбілмәмбет ханға түсіндірдім: мен Санкт-Петербургтен шыққанда Сіздің хан екеніңізді білген жоқ едім, деп ... » (21) патша үкіметінің саясатының қырсырын аша түседі.

Сонымен Әбілмәмбет хан ата жолымен 1739 жылы көктем-жаз айларында хан сайланып, ел шаруаларымен шұғылдана бастайды. Оған дәлел ханның 1740 жылғы қазақ-орыс келіссөзіне хан ретінде қатысуы, Орынборға өз талаптарын ел атынан жеткізуі куә бола алады. Бұл кезеңде Әбілқайыр хан елдің оңтүстіктегі қазақ-парсы қарым-қатынасын реттеу бағытында жұмыс жасап, қазақ-орыс келіссөзіне қатысуды жөн көрмей, өзге ел игілеріне жол берген. Оның атынан ұлдары Нұралы, Ерәлі сұлтандар Ресейдегі келіссөзге қатысты. Кездесуден соң 1740 жылдың күзінде Ерәлі сұлтан Орта жүздегі Керей руы қазақтарының ханы болып сайланды. Кейін анықталғандай оған Жәнібек батыр, Абылай сұлтандар қолдау көрсеткен. Қалыптасқан ішкі бірлікті қазақтардың түркімендер, қалмақтар, жоңғарлар бағытындағы

саясаты да анық көрсетті. Оған Әбілқайыр мен Әбілмәмбет хандар да, Нұралы, Ерәлі, Абылай, Барақ сұлтандар да, Бөкенбай, Есет, Жәнібек, Бөгенбай батырлар да мүдделілік танытты. Мұрағаттық құжаттар бойынша бірде түркімендерге қарсы Барақ сұлтан мен Есет, Бөкенбай батырлар аттанса, келесі жолы барлығы қазақ-қалмақтың атақты «еңбектеген баланың еңкейген кәрі болуына дейін соғыс ашпау туралы» бітім шартына (1742 жылы) ат салысты.

Әбілмәмбет хан үшін XVIII ғасырдың 40 жылдарындағы басты мәселе шығыстағы азулы көршісі Жоңғариямен сенімді қарым-қатынас орнату, атамекені мен қазағын сақтау болатын. Өйткені жоңғарлардың 1739 жылы көктемдегі 24 мың, 1739-1740 жылдың қысындағы 30-35 мың, 1741 жылы қыста тағы да 30-35 мың әскермен жасаған жойқын шабуылының негізгі салмағы Орта, Ұлы жүздерге тиді, Ертіс – Есіл өзендері аралығындағы Әбілмәмбет хан, Барақ сұлтан қарамағындағы қазақ рулары зор шығынға ұшырады. Қазан губерниясы шенеуніктері 1740 жылы-ақ Орта жүз қазақтарының мал-жандықтарын қалдырып, Жайық өзені мен Сырдарияға дейін шегінгенін патша үкіметіне хабарлайды (22).

1741 жылғы ақпан, наурыз аралығындағы жоңғар шабуылы кезінде Абылай сұлтан қолға түсті. Қалыптасқан жағдайда ел игілері Жоңғарияның шабуылын тоқтатып, Абылайды құтқарудың жолдарын іздестіре бастады.

Абылаймен бірге мыңдаған қазақтар мен ел ішіндегі торғауыттар Жоңғарияға әкетілді. 1741 жылы 1 маусымдағы Ямышевск қорғанының подколковнигі Зориннің Тобольскі комендантына жазған хатында Септен нойон бұл кезеңде Жоңғарияға оралып, 3000-ға жуық адамды тұтқындап кеткендігін өзіне келген жоңғар Урчудзжун Гаязаттан естігенін хабарлаған. Құжатта аты-жөні белгісіз қазақтың қалмақтарды жол бастап шығып, қырғынға ұшыратқаны да жазылған. Осындай құжаттарды пайдаланған тарихшы К. Абуев қазақтар жеңілісіне Әбілқайыр ханды кінәлап, ол «жеке пайдасы мен билігінің мәселелерін көбірек ойлап, елді біріктіруге күш салмады, ал Әбілмәмбет хан қалыптасқан жағдайға еш әсер ете алмады, өзі Ресей шебіне жақын Кіші жүз иелігіндегі жерлерге көшіп алды» (23) деген қорытындыға келеді. Біздіңше, бұған еш негіз жоқ. Өйткені мұрағаттық құжаттар Әбілқайырдың елдің оңтүстігіне Нәдір шахтан төнген қауіпті реттеу үстінде болғандығын дәлелдейді. Нәдір 1741 жылғы жоңғар шабуылы қарсаңында оңтүстік Азияның біраз бөлігін, соның ішінде қазақтармен көршілес Бұхара мен Хиуаны, түркімендерді бағындырған еді. Мұндай жағдайда Әбілқайырдың қауіпті парсы бағытынан кетуі мүмкін емес. Ал жоңғар бағытындағы негізгі күш Әбілмәмбет хан төңірегіне топтасты. Бұл соғыста тағы да жоңғар қаруының күші мен әскери тактикалық шеберлігі шешуші роль атқарды.

Қазақтар жеңіліске ұшырағанымен жоңғарлардың елді тұтастай бағындыруына жол берілмеді. Мұның арты өзара келіссөздерге ұласты. Алдымен Әбілмәмбет хан иелігінен 1741 жылы жаз айларында уақ руынан Ақшора бастаған елшілік Қалдан Церенге аттанды. Авторы белгісіз «Абылай хан» дастанында:

Әкетіп Абылайды байлап мықты,
Алдына Қалдан ханның алып жетті.
Әкетті Абылайды деген хабар,
Ілезде бүкіл елге тарап кетті.
Естіген Әбілмәмбет сұм хабарды,
Үгілеп хан ордада қайғыланды.
Өлтірмей не алса да қайтарсын деп,
Қалданға әтей арнап елші салды

- делініп, Әбілмәмбет хан атынан «біткенше еркек кіндік соғысамыз» (24) деген жолдар қосылады.

1742 жылы қаңтардың басында Амударияға жақын жерлерде қыстаған Әбілқайыр ханға жоңғар елшілері Қашқа және Баранг нойондар арнайы келіп, Қалдан Цереннің қазақтардан аманат талап еткендігін хабарлайды. 10 қаңтарда жоңғар елшілерімен кездескен поручик Д.Гладышев олардың Әбілқайырдың 1740 жылы Жоңғарияға жіберген Құтылымбет батыр бастаған елшілігінің жалғасы екендігін, Қалданға Әбілмәмбет хан, Барақ сұлтан, Жәнібек батырдан елшілер келгендігін анықтаған. Бұған қоса Әбілмәмбет, Барақтың Әбілқайыр ханмен ақылдасуға өз адамдарын жібергені де белгілі болды (6, С. 195-196).

Келіссөз барысында Қалдан Цереннің Әбілқайырдан ұлы Айшуақ сұлтанды жанұясымен, төртқара Қаратоқа би баласы Мырзагелдіні, шөмекей Жайылған бидің бауыры Айтбай батырды, шекті Мөңке би баласы Ерназарды, Баймұрат би баласы Өтейді, таз Байысқұл би баласы Түлкібайды, алаша Байсау немересі Қойсары мырзаны, алтай Тойғыл би баласы Қабландыны, қарасақал Тілеуберді баласы Ерназарды, қаракесек Қоңыр батыр баласы Көшімді сұрағаны, әрбір 100 түтіннен бір қарсақтан төлеу, көшіп-қонуды реттеу мәселелерін талап еткендігі жеткізіледі. Мұндай хабар 1742 жылы 15 мамырда қазақ арасында болған ағылшын көпесі Гоктың Орынбор кеңсесіне жазған мәлімдемесінен де көрінеді. Гок Батыр сұлтанға 14 сәуірде Қалдан Цереннен келген елшінің Әбілқайыр ханға әкелген грамотасымен, онда қойылған 5 талабымен танысқан. Қойылған талаптар төмендегідей болатын:

1. Әбілмәмбет хан, Батыр сұлтан т.б. ел билеушілер, бас старшындар Түркістанға көшіп келсін;
2. Әбілқайыр хан т.б. балаларын аманатқа жіберсін;
3. Орта, Кіші жүздің әрбір түтінінен бір-бірден қарсақ жинап, оны Жоңғарияға жөнелтсін;
4. Батыр сұлтан неліктен Қарасақалмен бірге Жоңғария иелігіне соққы берді, соны түсіндірсін;
5. Ресей - Хиуа - Ташкент сауда жолдары қорғалсын.

Қонтайшының елшілері егер бұл талаптар орындалмаса жойқын шабуылдардың жалғасатындығын ескертуді ұмытпаған (25).

Аманат мәселесі Әбілмәмбет хан елшісі Ақшораның жоңғар билеушілерімен болған келіссөздерінде де қойылды. Қонтайшы Әбілмәмбет ханға «қазақ арасында Қонтайшының ұлы Шуна батырмын деп өзін-өзі

жалған атап жүрген Қарасақалды» кейін қайтарудың маңыздылығын ескерткен. Елші қазақтар «бас қосып кеңесеміз, ақылдасамыз, жауабын береміз. Ел бытыраңқы, бір шеті Орынборға таяу, жинала қоюы қиын, ақылдаспай жауап бере алмаймыз» деп жауап қайтарған.

Ақшора батыр бастаған қазақ елшілері жанына 3 жоңғар елшісін ертіп, Әбілмәмбет ханға 1742 жылы көктемде оралып, Қалдан Церен талаптарын жеткізеді. Содан көп ұзамай Орта, Кіші жүздегі 1500 жуық, ел игілері жиналып, арнайы кеңес өткізеді. Біздіңше, осы кеңеске қатысушылар жауды тоқтатып, тұтқынға түскен қазақтарды қайтарып, атамекенді сақтаудың барлық жолдарын талқылаған. Кеңесте Әбілқайырдың Ресей саясаткерлерін пайдалану, Әбілмәмбеттің аманатты жіберу туралы ойлары ішкі айтысты тудырса да қалың көпшілік хандардың тәуекеліне сенім білдірді. Ресей орта жүздің аманатты жіберу туралы шешіміне еш ықпал ете алмаса да, бірден оған қарсы әрекеттерге кіріседі. Алдымен, Әбілмәмбет ханға аудармашы Р.Уразин 1742 жылы 7 маусымда арнайы нұсқаумен аттандырылды. Нұсқауда Әбілмәмбет хан мен ел игілерін Орскіге кездесуге шақырып, аманат төңірегіндегі ойларын анықтап, оны тоқтатуға күш салу қажеттігі анық жазылған. Қалыптасқан жағдайда 1742 жылы 23 маусымда орыс патшасы Елизавета да Әбілмәмбет ханға хат жолдап, 1741 жылы Ресейге жіберілген хан елшілері Әйтім Баймұрат батырды, Қарабас батырды, Болат батырды, Қараман батырды кері қайтарғанын алға тартып, Орынбордың жаңа басшысы И.И.Неплюевпен тығыз қарым-қатынас орнатуға шақырады (6, С. 186, 216-218).

Ресей саясаткерлерінің түрлі айла-шарғыларына қарамастан, Әбілмәмбет хан өткен кеңес шешіміне сәйкес тамыз айында өзінің екінші ұлы Әбілпейіз сұлтанды Нияз батырмен бірге Жоңғарияға аманатқа жібереді. Кейін Р.Уразин Әбілмәмбеттің Ресейдің ешқандай үйіп-төккен уәдесін қабылдамай, «өзінің ұлын жоңғарға аманатқа емес, інісі Абылайды көріп, оны босатып әкелуге, қазақтар мен жоңғарлар арасында тыныштық орнатуға, қоныс-жайылым мәселелерін шешуге жібердім», «Галден-Церен бұрынғы жерлерімізді – Түркістан қаласын, оған тағы 32 қала қосып бермек», -деп ойын ашық айтқанын мойындайды (6, С. 124-125).

Әбілмәмбет хан Орынборға жаңа тағайындалған басшы И.И.Неплюев бастаған Ресей саясаткерлерімен өткен 1742 жылғы 23-30 тамыздағы қазақ-орыс келіссөзіне қатыспады. Жалпы қазақ атынан Әбілқайыр ханның жанында Кіші жүзден 83, Орта жүзден 68, Ұлы жүзден 4 ел игісі болған. Кездесу барысында Әбілмәмбет иелігінде Жоңғариядан елші жүргендігі белгілі болды. Біздіңше, нақ осы кезеңде Әбілмәмбет хан қазақ аманатын Жоңғарияға жіберген сияқты. Хан өзі Орскіге келмесе де немере інісі Абылайдың бауыры Сұлтанбекті, арғын Жәнібек тарханды, көптеген арғын, керей, уақ руларының белді тұлғаларын жіберген. Кездесуге Әбілқайыр ханмен бірге келген Қалдан Церен елшілері Қашқа мен Баранг «келіссөз бастау керек. Өйткені, жоңғардың ханы «атынан ері сынғанша» қазақты шаба береді» деп Жоңғарияның түпкі мақсатын жасырмаған. Кездесу барысында Әбілқайыр хан, Жәнібек тархан, Сұлтанбек сұлтан Абылайды босату

мәселесін көтерген. Көп ұзамай Ресей Жоңғарияға майор К.Миллердің жанына Ерәлі сұлтанды қосып аттандырады (6, С. 229-252). Дегенмен Ресей өзінің дегеніне көнбеген Әбілмәмбетті арандатуға да күш салды. И.И.Неплюев 1742 жылы 18 қарашада Сыртқы істер алқасына жазып мойындағандай, оның Әбілмәмбеттің өзін Орскіге келсе ұстап қалуды жоспарлағаны, ханның ұлдарын қолға түсіруді көздегені, тіпті Әбілқайыр мен Жәнібек тарханды Әбілмәмбетті «тыныштандыруға» пайдалануға ұмтылғаны белгілі болды. И.И.Неплюев «Аманатқа баласын алу дегеніміз сол арқылы тек хандарды ғана емес, сұлтандарын да, бүкіл халқын да тізгіндеп, ұстап отырудың ең дұрыс жолы болып табылады. Әбілқайыр ханның ұлын аманатқа ұстап отырғанымызда, осыған көзіміз әбден жетті. Сонда Әбілқайырды ауыздықтағандай Әбілмәмбет ханды да, қылп еткізбей, айтқанымызды істетіп отырар едік, мынадай қиын жағдайға қалмас едік» (12,122-129б.) деп ағынан жарылады. Міне нақ осы мұрағаттық деректер орыс, кеңестік тарихнамада қалыптасқан «Әбілқайыр хан Орынбор Әбілмәмбетті ұстап алуды жоспарлауда» деген әңгіме таратып, Орта жүз ханын қазақ-орыс келіссөзіне қатыстырмады, мақсаты Әбілмәмбетті өзіне бағындыру болды деген пікірлердің еш негізсіз екендігін толық талқандайды.

Жоңғар нойоны Сары-Манджа 1743 жылы 1 ақпанда И.И.Неплюевке «Тәуке хан немересі Әбілмәмбет хан ұлын аманатқа берді, оны Барак сұлтанның ұлы ауыстырмақ»(25, С. 83-84)- деп қазақ-жоңғар келіссөздерінің әлдеқашан басталып кеткендігін хабарлайды.

Міне осы Сары Манджа К.Миллер бастаған орыс елшілерін жоңғар шебінен өткізбей, келіссөзді Қалдан Церен атынан өзі жүргізіп кейін қайтарды. К.Миллер елшілігі Орскіге 1743 жылы 14 маусымда оралды. Орыс және кеңестік тарихнамада К.Миллер елшілігін асыра бағалап, оның қорытындысында «Абылай тұтқыннан босатылды» делінген пікір қалыптасқан. Оны бүгінгі қазақстандық тарихшы И.Ерофеева да қолдап, орыс мұрағатынан алынған деректерді алға тартады(10,С.342). Ресей елшілігінің сапарын асыра бағалаушылар қонтайшының негізінен аманатты талап еткендігін, оны қазақтардың орындап, екі жақты келісімнің жүзеге асқандығын елемеуге тырысады. Егер Әбілқайыр, Әбілмәмбет хандар, қазақтың сұлтан, би, батырлары бірігіп мәселені шешудің жан-жақты жолдарын қарастырмаса, Абылай елге қайтар ма еді?

Сонымен Әбілмәмбет хан атынан барған атығай Жәпек батыр бастаған елшілер Абылай сұлтанды босатып, 1743 жылы маусым айы соңында елге оралған. Мұны естіген И.И.Неплюев «ел ішіндегі сөздерге қарағанда Әбілмәмбет жоңғар билеушісіне өзінің ұлын беріп, тым жақындасып кеткенге ұқсайды. Жоңғарлардың уәдесінен басы айналып қалғаны соншалық, айырыла алмайтындай»(12,132-133 б.)- деп патша үкіметін хабардандыруға мәжбүр болады.

«Абылай хан» дастанында:

Абылай аман-есен елге қайтты,

Құр қайтпай ханның қызын ала қайтты.

Алдынан Әбілмәмбет өзі шықты

Басынан кешкен істі түгел айтты.
Сол кезде Әбілмәмбет ханның басы,
Қуанды жасарғандай хан ордасы.
Үш жүзге тұтас түгел хабар жолдап,
Айтылды ұлан-асыр той жобасы

– делінеді. Әбілмәмбет хан саясатын жүзеге асыруда Малайсары батыр да айтарлықтай көмек көрсеткен. Ол Жоңғарияға жіберілген Әбілпейіз сұлтанның, Нияз батырдың ұлының жанында болып, Абылай мен оның жанындағы қазақтарды елге қайтарып, қазақ-жоңғар келіссөзінің сәтті аяқталуына барын салды.

Елге оралған Абылай сұлтан Әбілмәмбет ханның қолдауымен арғындар ұлысын басқаруға кіріседі. 1743 жылы 20 желтоқсанда Сібір губерниялық кеңсесіне Абылайдан «өзіне және ағалары Әбілқайыр мен Әбілмәмбет хандарға Орынборда сауда жасауға рұқсат берілсе екен, арнайы өз жолымызбен барып көп сауда жасауға болар еді»(6, С.312-313) деген мәтінде хат келіп жетеді. Хаттан Абылайдың Әбілқайыр мен Әбілмәмбетке ерекше құрметпен қарап, ағалар жолын сыйлағанын байқау қиын емес.

Сонымен көптің қолдауымен Әбілмәмбет хан Абылайды қайтарып, қазақ-жоңғар қарым-қатынасы тарихының жаңа бетін қалыптастырды. Абылай көптеген жоңғар билеушілерімен сенімді байланыс орнатса, алыс-берісте жүрген елшілер елді таныды. Дегенмен Әбілмәмбет хан жоңғар билеушісі сұраған Қарасақалды оларға беруді түрлі сылтаулармен соза берді. Қарасақалдың өзі Башкириядағы 1740 жылғы Ресейге қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыстың басшысы болатын. Күрес жеңіліс тапқан соң 1740 жылы мамыр айында ол Орта жүзге өтіп, қазақтардан пана тапты. Содан бастап ел ішінде Қарасақал Қалдан Цереннің туған інісі Шуна екен деген әңгіме тарала бастады. Әбілмәмбет пен Абылай Ресейдің Қарасақалды қайтару талабына «ол Ұлы жүзге Барақ сұлтанға бағынады», «ұстап беруге жұмыстанамыз» деген сылтаулармен жауап қайтарса, енді бірде Әбілмәмбет хан, Барақ сұлтан, Нияз және Жәнібек батыр қазақ даласында жүрген башқұрт К.Мергеновке «Қарасақалды ұстау мүмкін емес» деп бір ауыздан ойларын бүкпесіз мәлімдеген (14, С.480). Осындай жағдайда Шуна есімін пайдаланғаны үшін Қарасақал соңына Қалдан Церен түсті. Өйткені бір кезеңде ішкі билікке таластан кейін Шуна Жоңғариядан қашып, Еділ бойына кеткен-ді. Біздіңше, қазақ билеушілері Шуна атауын иеленген Қарасақалды Қалдан Церенге қарсы пайдаланып, Жоңғария билігінің ішкі мәселесіне араласуды көздеген болуы керек. Жоңғариядағы кейінгі оқиғалар мұның жүзеге асқандығын дәлелдейді. Осы Шунаны ұстауда Қалдан Церен Барақ сұлтанға да үміт артты. Өйткені аманаттағы Әбілпейізді болашақта Барақтың баласы ауыстыруы тиіс болатын.

1744 жылы көктемде кеңес шешіміне сәйкес Жоңғариядағы аманаттағы Әбілпейіз Әбілмәмбетұлының орнына Барақ ұлы Шығай сұлтан аттандырылады (26). Барақ сұлтан ұлын жібере отыра, оны тездетіп кейін қайтарудың жолы «Қарасақалды ұстап, Қалдан Церенге жіберу» деген тоқтамға келген. Барақ сұлтанның «Қарындасымды саған қалыңдыққа берем»

деген шақыруының астында ұстап алу жоспары жатқанын сезген Қарасақал қаракесек-арғын рулары иеліктеріне, Қазбек би мен Қабанбай батыр қарамағына кетіп үлгерген (27). Дегенмен, Абылайтанушы К.Абуевтің пікірінше, Барақтың Қонтайшының сеніміне кіргендіктен, Шығай сұлтан көп кешікпей әкесіне қайтарылған екен (23, С.97).

1744 жылы Әбілмәмбет хан біржолата Түркістанға көшті. Оның әр қадамын бақылап отырған Орынбор кеңсесі «1745 жылы жазда Әбілмәмбет хан Түркістаннан Орынборға қарай жақындап келіп, И.И.Неплюевпен байланысқа шықты. Өзінің көшу себебін «құдайға құлшылық ету» деп түсіндіргенімен, күзде орнына ұлы Болат сұлтанды қалдырып, кері көшіп кетті» деген қорытындыға келді (19, С. 81).

Әбілмәмбет Түркістаннан солтүстікке қарай келіп, Ресеймен байланысқа қайта шығу себебін И.И.Неплюев 1745 жылы 29 шілдеде Сыртқы істер алқасына «Ол Түркістанға жоңғарлардың алдарқатып, ол жерлердегі бірнеше қалаларды береміз деген уәдесіне сеніп, аз уақыт тұрып көріп, кері қайтты. Ол жерлер бұрын Әбілмәмбет аталарына бағынған болатын. Хан Түркістанға келген соң Қонтайшы оны өзіне шақырды. Содан хан алданғанын сезіп, Жоңғарияға баруым үшін елге барып, кеңестің рұқсатын алуым қажет деп Орта жүзге қайтқан», - деп түсіндіреді. И.И.Неплюевтің еш дәлелсіз жазған хабарын Әбілмәмбеттің көп ұзамай Түркістанға оралуы жоққа шығарады. Кейін Орынбор басшылығы «Әбілмәмбет хан Қалдан Церенмен кездесуге кетті» деген де хабар алып, оның артынан Сақмар казагы М.Асановты жібергенімен орыс елшісі ханмен кездесе алмаған. Осы жолы М.Асанов ханның саясатынан Ресейге қарсы ешқандай қарсылық таппағанымен, Әбілмәмбеттің өзіндік саясат жүргізіп, «бодандық туралы» ауызға алмағандығын Орынборға ашық хабарлады (6, С.317, 325).

Әбілмәмбеттің ендігі жағдайда жоңғар Қонтайшысымен өзі тікелей байланысқа шығуы, Түркістанға орнығып, Ташкентті қайтаруға жұмыстануы, Абылай сұлтанның Орта жүзге хан сайлануы қазақ билеушілерінің ішкі бірлігін дәлелдейді. Орыс үкіметі Әбілқайыр мен Әбілмәмбетті бір-біріне қарсы қойып, оларға жіберген елшілері арқылы түрлі арандатулар жасағанымен қазақ үшін ел тұтастығы қымбат екендігі анық байқалды. Әбілқайыр ханның жоңғармен келіссөзді үнемі назарда ұстауы, елшілерінің Иранға, аманатының Ресейге, Әбілмәмбет хан мен Барақ сұлтанның аманатының Жоңғарияға жіберілуінің өзі қиын-қыстау кезеңде елдің бірлігін, территориялық тұтастығын сақтап қалудағы шешуші қадамдар болатын.

1745 жылы қыркүйек айында Қалдан-Церен қайтыс болды. Жоңғарияда басталған ішкі талас нойондардың сыртқы саясатын әлсіретті. Соған қарамастан Әбілмәмбет, Абылай, Барақ екі ортадағы байланысты дамытуға күш салады. Мұны көре тұра И.И. Неплюев қайткенде де ішкі бірлікті бұзуға жұмыстанды. Бұл кезеңде Әбілқайырұлы Ерәлі сұлтан Абылаймен іргелес қоныстанып, Әбілмәмбет ханмен Түркістан маңында көшіп қонады (6, С. 370).

Түркістанда Әбілмәмбетпен қатар Сәмеке ханның үлкен баласы Сейіт те хандық құрады. Ол оңтүстіктегі қоңырат руын басқарып, Қалдан Цереннің

сеніміне ие болып, хан ретінде мойындалған-ды. Жоңғарияның батыс шекарасындағы әскери қолбасшы Сары Манджа да қазақ билеушілерінің бәрімен жеке таныс болды деуімізге болады. Оның мойындауынша Қалданға бас имеген Әбілқайыр хан ғана қалған. Кейін нойон «Әбілқайыр хан бізге қарсы көптеген әрекеттер жасады. 14 жыл бұрын оның ұлысын талқандап, әйелі, балаларын қолға түсіргенбіз. Сол кезде оның бізге мойынсұнып, енді жоңғарларға шабуыл жасамаймын, баламды аманатқа берем дегеніне сеніп жанұясын қайтарғанбыз, бірақ ол уәдесіне тұрмады» деп мойындауға мәжбүр болған (20, С. 118-119).

Сары Манджа нойон 1745 жылы көктемде Ташкенттегі Төле биге кездесуге келіп, қаза тапқан. Қазақ-жоңғар қарым-қатынасын зерттеуші В.А.Моисеев «Жоңғар феодалдары мен қазақ билеушілері, Сары Манджа уланып өлген деген сенімде болды» деген қорытынды жасайды (28). 1744-1745 жылдары Әбілмәмбет хан Абылай сұлтанның көмегімен Түркістандағы немере інісі Сейіт ханның түрлі арандатуларын тоқтатты. Ал Сейіт қайтыс болған соң Әбілмәмбет қарамағына Түркістаннан басқа Сауран, Отырар, Созақ т.б. қалалар өтеді.

Сөйтіп Әбілмәмбет хан ата-бабаның мекені Түркістанға орнығып, қазақ елінің оңтүстік-шығысындағы саяси-экономикалық мәселелерді шешуді қолға алады. Дегенмен оның осы кезеңнен 1747 жылғы маусым айына дейінгі аралықтағы қоғамдық-саяси қызметі туралы деректер кездеспегенін атап өтуге тиіспіз. Керісінше, бұл кезеңде Әбілқайыр, Абылай хандар, Нұралы, Барақ сұлтандар орыс кеңсесіндегі құжаттарда толық көрініс табады. Ресеймен қарым-қатынасы әбден шиеленіскен Әбілқайыр ханға сол тұста орыс саясаткерлері Барақ сұлтанды айдап салады. 1747 жылы көктемде Барақтың Санкт-Петербургте патша сарайына барып қайтқан немере інісі Ескендір сұлтанды ертіп келген М.Арапов орыс жоспары бойынша Әбілқайыр ханның Ресейге қарсы саясатын толығымен түсіндіреді. Тіпті осындай кездесуде болған кейбір қазақтар «Барақ сұлтан тікелей Әбілқайыр ханға барып, Ресейге қарсы теріс қылықтарын тоқтату керектігін айтсын» деген ұсыныс білдірген. Содан Барақ сұлтан сенімді адамдарын И.И. Неплюевке аттандырған (6, С.357-361). Барақ сұлтанның осынша белсенділігіне Әбілмәмбет ханның көзқарасын анықтау мүмкін болмады. Дегенмен Әбілмәмбеттің 1747 жылғы 4 маусымдағы И.И. Неплюевке жазған хатынан өзінің Барақпен сенімді қарым-қатынаста екендігін хабарлағаны белгілі. Сонымен бірге хаттан Әбілмәмбеттің негізгі саяси бағыты Жоңғария мемлекеті болғандығын аңғарамыз (6, С.357). Кейін Әбілмәмбет 1748 жылы шілде айында атығай Байназар Бекболатов пен сарыжетім шақшақ Шамаметті Орынборға жіберіп, А.И.Тевкелевке жолықтырған. А.И.Тевкелев Байназарды әңгімеге тартып, Әбілмәмбеттің Ресейден алыстап көшу себебін сұраған. Байназар оның себебін саудамен байланыстырып, солтүстік-шығыста сауда-саттық дамымаған деп түсіндіреді. Әңгіме барысынан белгілі болғандай Әбілмәмбеттің жоңғарлармен байланысы өзара сенімде дамыған екен. Кейін жоңғар елшілерінің Барақ сұлтанның баласын қайтадан аманатқа жіберуін талап еткендігі белгілі болады (29).

Көп ұзамай И.Неплюевтің арандату саясаты толық жүзеге асады. Губернатордың Азия бағытындағы жоспарына басты кедергі жасаған Әбілқайыр Барақ сұлтанның қолымен өлтіріледі. Тамыз айында аса шеберлікпен ұйымдастырылған қанды оқиғадан кейін Барақ қаракесек-арғын рулары арасынан Түркістанға қарай Әбілмәмбет иелігіне қарай үдере көшеді. П.И.Рычков Барақ сұлтан Ташкенттен И.И. Неплюевке хат жолдап, өзінің «келер көктемде Әбілқайыр ұлдарына келіп, құн төлейтіндігін хабарлады» деп жазады (19, С.91).

Әбілқайыр хан өлімі, сөз жоқ, барша қазақ қоғамына әсер етті. Мұрағаттық деректер арқылы XVIII ғасырдың I жартысындағы аса беделді Төле, Қазыбек билердің, Бөгенбай, Есет, Жәнібек, Қабанбай батырлардың, Абылай сұлтандардың Барақтың қылмысын қолдамай, оны жоңғар иелігіне жібермей, ішкі бірлікті бұзбай билер сотына жүгінуі дәлелденгенімен, Әбілмәмбеттің ұстанған саясатын тағы да анықтау мүмкін болмады. 1748 жылы 20 қарашада казак атаманы Смайыл молла Әбдіразақовтың «Барақ жанында Әбілқайырды өлтіруге көмектескендер ғана қалған» деген түйіні толық шындыққа сай келеді. Қазақтар арасындағы жағдайды анықтаған И.И. Неплюев Сыртқы істер алқасына «Барақ ... қылығының салдарынан Орта жүз арасындағы тепе-теңдік бұзылып, Әбілмәмбет мүлде әлсіреп қалды» деген қорытындысын хабарлады (6, С. 392-403). Дегенмен мұрағаттық құжаттардан Әбілқайыр ұлдарының Әбілмәмбет ханға қарсы жасаған саясаттарын да кездестіре алмадық. Соған қарағанда Әбілмәмбет хан да ел игілерімен бірауызды болған деуге толық негіз бар.

1749 жылдың шілдесінде Орынборда болған Жәнібек тархан: «Әбілмәмбет хан Түркістанда, ал оның жанында болған Барақ сұлтан қазір өзінің зұлымдығына байланысты жоғалды», - деп мәлімдеген (6, С.469).

Оның үстіне Әбілмәмбеттің екінші ұлы Әбілпейіз Нұралының қызын алып, өзара құдандаласып та үлгерген-ді. Мұның барлығы Әбілмәмбет ханның қазақ қоғамында өзіндік орнын айғақтап, саясаткер ретінде Ресей, Жоңғар мемлекеттерімен, оңтүстіктегі хандықтармен Әбілқайыр ханмен қатарлас байланыс орнатып, үлкен беделге ие болғандығын көрсетеді. Ол Әбілқайыр хан өлгеннен кейін қазақ даласындағы басым көпшілік мойындаған тұлғаға айналады.

Сонымен жоғарыдағы Абылайдың хатына сүйенсек, нақ осы кезеңде Әбілмәмбет қазақтың бас хандығына сайланған. Әбілмәмбет Нұралы, Абылай хандар мен өзге де жас сұлтандарға бас хан ғана емес, сонымен бірге олардың немере ағалары, хандар әулетіндегі ең үлкені, ақылшылары болып қалады.

Әбілмәмбет хан Түркістанда тұрақтағанымен елдің солтүстігіндегі жағдайды өз бақылауынан шығармаған. Оны ескерген Орынбор кеңсесі орыс елшілеріне «Абылай сұлтанды Әбілмәмбет орнына хан сайлауға болмайды. Себебі Әбілмәмбет Орта жүзде үлкен беделге ие, оны бекерден-бекер үркітуге болмайды», - деген нұсқау тапсырады (6, С.603).

XVIII ғасырдың 50 жылдары Әбілмәмбет Абылаймен бірлесе Жоңғариядағы нойондар саясатына ықпал жасай бастады. Жоңғариядағы

төңкерістер мен ішкі қырғын әсерімен Абылай ханға жақсы таныс Даваци мен (қазақтар Дауашы дейді - Ә.М.) Әмірсана нойондар жеңіліс тауып бақлы керей рулары арасына қашып келеді. Мұндай хабарды естіген Ресей И.И. Неплюевке, А.Тевкелевке, И.Крафтке құпия жарлық жолдап, жоңғарларды Абылайдан Орынборға жеткізуді ұйымдастыруды тапсырған. Жарлықта «Даваци алдағы уақытта Жоңғарияға билеуші болып кетуі мүмкін, сонда қазақтарды өзіне тартып алады, бұл дегеніміз Ресейдің мүддесіне кереғар келеді»(12, 201 б.) деп ашық жазылған.

1752 жылы жазда жоңғар билеушісі Лама-Доржи Абылай ханға елші жіберіп, нойондарды қайтаруды талап етеді. Содан осы жылы күзде Ұлытауда Орта, Кіші жүз қазақтарының арнайы кеңесі ұйымдастырылады. Кеңеске қатысқан Әбілмәмбет хан жаңа шиеленістің алдын алу үшін нойондарды Жоңғарияға қайтару қажеттігін алға тартқанымен, Бөгенбай батыр, Даут тархан (Жәнібек батыр ұлы - Ә.М.), Жапақ батыр, Әбілқайыр хан ұлы Ерәлі сұлтан т.б. Абылайдың «нойондар қазақ үшін пайдалы» деген дәлеліне қолдау көрсеткен.

Кеңестен кейін Абылай хан Лама – Доржиге «нойондар қазақтарға өз еріктерімен келді, сондықтан дәстүрімізге байланысты оларды бере алмаймыз», - деп елші аттандырған (30). Мұның арты жаңа соғысқа әкеледі. 20 мың әскерді аттандырып шекарадағы қазақ руларын шапқан нойондарға қарсы жорыққа аттанған Абылай хан бастаған қазақ қолдары В.А. Моисеевтің пікірінше, жеңіске жетіп қана қойған жоқ, бұған қоса Жоңғарияның билігіне араласуға мүмкіндік алады. Көп ұзамай Лама-Доржи өлтіріліп, Даваци Жоңғария тағына отырады. Даваци заңды мұрагер ретінде «қазақтармен тату-тәтті тұрамыз» деп бірден Абылай ханға елшілік аттандырған. Мұндай өзгеріс 1753 жылы күзде болған-ды. Бірақ көп ұзамай Даваци мен Әмірсана арасында күрес басталады. 1754 жылы жеңілген Әмірсана Қытай асып, 1755 жылы көмекке Қытай әскерін алып, 10 мың қолмен Жоңғар хандығын талқандады. Тарих сахнасынан Жоңғарияның кетуі қазақ-қытай арасындағы ресми қарым-қатынастың басталуына жол ашады. Ол алдымен Әмірсананың Цин патшалығының қудалауына байланысты қазақ жерін паналауына тікелей қатысты еді. 1757 жылы 28 шілдеде Әмірсана Семипалатинск қорғанына кеткеннен кейін, Әбілмәмбет пен Абылай шекарадағы қытай әскерлерімен келіссөзді жүргізуді Әбілпейіз сұлтанға жүктейді. Бейбіт келісім мен еркін сауда-саттықты алға тартқан Әбілпейіз сұлтан ұсынысын қабылдаған қытайлықтар өз елшісі Даликаны Абылайға жіберген (23, С.127). Елшіні оң қабылдаған Әбілмәмбет те, Абылай да, өзге ел игілері де Жоңғарияның келмеске кеткенін түсініп, Цин патшасына өз елшілерін жіберу қажет деп табады.

1757 жылы 30 тамызда Әбілмәмбет ханның ұлы Әбілпейіз бен Абылай хан алғашқы қазақ елшілерін Қытайға аттандырады. Қазақ елшілері Цин патшасына «Тарбағатай біздің бұрынғы көшіп-қонып жүрген жеріміз еді. Өзіңіздің ілтипатыңызды білдіріп, осы жерді бізге берсеңіз» деп шекара мәселесін қозғаса, қытайлықтар Әмірсананы қайтаруды талап еткен. Кейін Қытай талабына Абылай «Әмірсана біздің елде емес» (31) деп жауап

қайтарған Қытай әскерлері Әмірсананы қанша іздегенімен таба алмады. Бірде олар шекарадағы Әбілпейіз сұлтанмен кездескенде ол да «Әмірсананы іздеп ат сабылтып жүрмін» - деп Абылайдың тапсырмасын орындап жүргендігін хабарлаған.

Қытайлықтар Әмірсананы іздеуді сылтаулатып, қазақ билеушілері туралы ақпарат жинаған. Олар «1758 жылы күзде Орта жүзде бір хан болған, ол Есім хан деп аталады, оның ұлы Жәңгір хан деп аталады. Жәңгір ханның ұлы Тәуке хан деп аталады. Тәуке ханның ұлы Болат хан деп аталады, Болат ханның ұлы Әбілмәмбет хан деп аталады. Қазіргі таңда Әбілмәмбет хан билік етіп отыр. Әбілпейіз - Әбілмәмбеттің ұлы, қазір сұлтан лауазымын атқарады. Абылай - Әбілмәмбеттің аталас бауырларының ұлы, хан тағына отырмағандықтан ол да сұлтан болып табылады, ол армия бастап шекаралық аймақта бекінген» деп жазған. Деректе олардан басқа Жолбарыс ханның ұлы Әбіліз хан, Махмұт ханның ұлы Ханбаба хан, Әбілқайыр ханның ұлы Нұралы хан, Қайып ханның ұлы Батыр хандар аталады (31, 67 б.).

XVIII ғасырдың 50 жылдарының аяғындағы қазақ билеушілерінің ішкі қарым-қатынасы туралы мол деректі 1758 жылдың аяғы мен 1759 жылдың басында қазақтарға келген қытайлық Наван елшінің хаттарынан кездестіреміз. Наван жанына 11 елшіні ертіп, Абылай ханды іздеп шығып жолда Әбілпейіз сұлтанмен жолыққан. Сұлтан саудаға адам жіберуді Абылайдың өзі шешетінін, Әбілмәмбет ханның қазір осы бағытқа келе жатқанын хабарлаған. Кейін елшілер Әбілмәмбеттің, Абылайдың, Ханбабаның Қазыбек бидің ауылында болатын кездесуге келуді жоспарлағанын естіп, осы жерден күтіп алуды ұйғарған. Бір қызығы қытай елшілері 1 айға жуық уақыт күткен. Соңында шыдамдары таусылып, Нұра бойындағы Қорғалжын мекеніндегі Нияз батыр қонысындағы Әбілмәмбет ханға өздері келеді. Сізді Түркістанда тұрады дегенді естіп едік? деген елші сұрағына хан «Мен әдейі Сіздермен кездесейін деп келдім, Абылай – менің інім. Әбілпейіз – менің ұлым. Олар менің тапсырмам мен бұйрығыма қарсы шығады дейсіз бе? Әрине, мен де өзімнің інім мен ұлымның игі бастамасын бұзбаймын ғой. Сіз маған Абылайға жіберген хатты көрсетіп отырсыз – бұл өте жақсы. Оның мәтінін барша қазақ жұртына жеткізейін» деп жауап қайтарады. Құжаттан байқағанымыздай ханға Түркістан төңірегіндегі Ташкент, Бескент, Ордасарай, Қарамұрын, Сайрам, Шымкент, Қарабұлақ, Маңкент, Иқан, Ташанақ, Қарнақ, Сауран, Қарашық, Аққорған, Үзкент, Созақ, Қазақдыжолық, Құлантөбе, Қошосар, Мұхаможын, Жанкент сынды жерлер бағынған. Араға уақыт сала Ханбаба ауылында болған Наванға Әбілмәмбет пен Абылай хандар келген. Осында барша жаңалықты естіген Абылай елшілерге «Әбілмәмбет менің ағам болғандықтан, барлық іс соның айтқаны бойынша жүреді, мен оның айтқан – тапсырғандарына мойынсұнамын», - деп мәлімдейді. Кездесу соңында сауда-саттықты жалғастырып, елші алмасуға қол жеткізіледі. Кейін Абылай бауыры Орыс сұлтан, Досай, Ақтамберді батырлар Наванға еріп Қытайға аттанады. Әбілмәмбет елшісі Орыс сұлтан 1759 жылы ақпан айында Пекинде болып, Цин патшасымен кездескен (31, 69-92 б.).

Қытай патшасы қазақ елшілерін ерекше жылы қабылдап, зор құрмет көрсетіп, 1759 жылы 9 наурызда Әбілмәмбет ханға хат жолдады. Патша хатында Ресейдің де, Қытайдың да қазақ елінде өзіндік саясаты барлығы анық жазылған. Хаттан «Орыстармен қарым-қатынас орнатсаңыздар да, сіздермен жауласпаймыз. Адал ниет білдіргендеріңіз үшін демеуші болып, әрқашан шексіз бақ – дәулетке кенелуіңізді үміт етеміз» деген жолдарды оқуға болады.

Сөйтіп қазақ елі Жоңғар хандығы жойылғаннан кейін екі алыптың – Ресей мен Қытайдың ортасында қалды. Ресей қаншама күш салғанымен Әбілмәмбет пен Абылайдың Қытаймен байланысына кедергі жасай алмады. Тілімаш М.Араповтың анықтауынша, Әбілмәмбет Қытайдың әскери күштерін кері қайтарып, сенімді қатынас орнатқан соң Абылайға Ресеймен де байланысты үзбей, елші алмасып, қарым-қатынасты жалғастыруды тапсырған екен (12, 272, 275 б.). Мұның өзі тағы да ел игілері арасындағы бірлікті көрсетеді. 1760 жылы 18 шілдеде Ресей Сыртқы істер алқасы қазақ даласынан келген барлық ақпараттарды талдап «Әбілмәмбет хан өзі Түркістан қаласында тұрса да, жаз айларында Алтай-Арғын руына келеді, сонда бірталай уақыт болып, Абылай шеше алмайтын мәселелерді шешіп отырады. Әбілмәмбеттің Болат және Әбілпейіз деген ұлдары бар. Болат Алтай-Арғынды, Әбілпейіз Қаракерей-Найманды билейді. Абылай сұлтан Әбілмәмбеттің айтқанын бұлжытпай орындайды екен, демек, мұндай жағдайда Орта жүзге Әбілмәмбет хан тірі тұрғанда тағы бір хан тағайындаудан келер еш пайда жоқ» деп мойындауға мәжбүр болады (6, С. 607-610).

Әбілмәмбет ханның Түркістандағы саясаты барлық қазақ билеушілері тарапынан бірдей қолдау тапты десек артық айтқандық болар еді. XVIII ғасырдың 50 жылдарының аяғындағы орыс деректерінен Әбілмәмбеттің немере інісі Сәмеке ханның ұлы Есім ханмен арасы біраз шиеленіскенін байқаймыз. Құжаттарды саралаған И.Ерофеева «Есім Түркістан үшін күресте Әбілмәмбет ханды 1758 жылы қаладан қуды. Содан 1762 жылы Абылай хан мен Қазыбек бидің араласып, екі жақты табыстыру нәтижесінде, Әбілмәмбет кейін оралып, қала билігін екіге бөліп алды» деген қорытынды жасайды (32). Енді бір зерттеушілер «1761 жылы Әбілмәмбет ханның Есіммен Түркістан билігі үшін таласының соңы оның ұлы Әбілпейіз сұлтан иелігіне көшуіне әкелді. 1762 жылы көктемде Қаракесек руындағы Қазыбек би ордасында екі тұлғаның өзара келісімі жүзеге асты», - деп есептейді (30, С. 100). Қазақтар арасындағы барлық жағдайға қанық, оған өзі тікелей араласып жүрген атығай руынан Құлсары батыр 1761 жылы 19 қарашада орыс кеңсесіне «қазақтың Орта жүзінің ханы Әбілмәмбет бұрынғысынша Түркістанда тұрып жатыр. Өткен 1761 жылдың жазында кейбір қазақтардың кеңесімен Әбілмәмбет хан Түркістандағы бұхаралықтарды жинап, оларға түрлі мата мен былғары төлеп тұру жөнінде айтқан екен. Бірақ артынан бұхаралықтарға аяушылық білдіріп, ауыртпалық түсірмеу үшін, қазақтардың олардан алым-салық алуына тыйым салған. Бұған наразы болған қазақтар Әбілмәмбетті Түркістаннан кетіріпті. Алайда ол өзіне жақтас қазақтардың және өз ұлдарының көмегімен

Түркістанға қайтып барып, сонда жақсы жайлы тұрып жатыр», - деп түсіндірген (12, 331 б.). Біздіңше, Құлсары батырдың сөзіне толық сенуімізге болады. Яғни, негізгі мәселе бұхаралықтарға қатысты туындаған және Әбілмәмбет И.Ерофеева жазғандай Түркістаннан ұзаққа кетпеген.

1761 жылдың күзінде Әбілмәмбет хан Сайбек бастаған елшілерін Қытай патшасына жіберген. 1762 жылы наурыз айында патша қабылдауында болған Сайбек арқылы қытайлықтар Әбілмәмбет ханға, Әбілпейіз, Сәнияз, Ханқожа, Болат сұлтандарға жолдаған хатында өзара сенім мәселесін айрықша көтерген.

Араға уақыт сала Абылай хан Дәулеткерей сұлтанды Қытайға аттандырса, онымен қатарлас Кіші жүзден Нұралы ханның елшілері де Қытайға қарай жолға шығады (33). Қытайлықтар бұл елшіліктердің мақсаты «сый-сияпаттар алу» деп анықтағанымен қазақтар үшін басты мәселе ішкі бірлікті дәлелдеу, Әбілмәмбет пен Абылайдың сыртқы саясатына қолдау көрсету болатын. Өйткені бір кезеңде Абылайдың Қытай патшасына «Қазақ өз ішінде үш жүзге бөлінеді. Мен Орта жүздің ханымын. Кіші жүз бен Ұлы жүзді де менің тумалас бауырларым билейді», - деген хабарының жай айтылған сөз еместігі, оның нақты іс-шарамен дәлелденгені еді (33, 157 б.).

Әбілмәмбет пен Абылай 1763 жылы тағы да Орыс сұлтанды Пекинге бағыттап, Кенже батырды туыстарымен аманатқа жібереді (34). Орыс сұлтанға қазақ-қырғыз арасындағы шиеленіскен қарым-қатынасқа Қытайдың қаншалықты қатысы бар екендігін анықтау жүктеледі. Башқұрт Шүкір жазбасына сенсек «Қытайға қараған қырғыздар Іледегі қазақтарға үш мәрте шабуыл жасап, ауылдарды тонап-талап кеткен. Қырғыздар көп қазақты тұтқынға алған. Қырғыздардың қазақтарға жасаған осы шапқыншылығы жөнінде Әбілмәмбет хан Абылайға өзінің ұлы Болат сұлтан арқылы хабар салып, «қырғыздарды шауып қайт деген тапсырма беріп» барша қазақты көтерген. Ал Әбілпейіз сұлтанға шекарадағы қазақтарды болашақ соғыстан сақтау үшін Абылай иелігіне көшіруді міндеттеген (6, С. 667-669).

Қытайдың қазақпен көршілес қырғыз, бұхара, қоқандықтармен араласып, олардың сыртқы саясатына ықпал жасай бастауы ел игілерін толғандыра бастады. Өйткені Қытайдың «жұмсақ», «алдап арбау» саясатының арты бір атаның балалары түркі тілдес халықтарды бір-біріне айдап салумен аяқталатын. Міне, осы кезеңде тарих сахнасына барша мұсылмандарды қорғаушы Ауған шахы Ахмет көтеріліп, Қытайға қарсы ашық соғыс жариялады. Қазақты өзіне тартуды көздеген Ахмет шах Әбілмәмбет, Абылай, Нұралы хандарға хабар салады. Ахмет шах хаттары Әбілмәмбет хан арқылы өзге хандарға жеткізіледі. Әбілмәмбет ханның хатшысы Бабазян арқылы Абылайға жеткен хаттан шахтың мұсылмандарды қорғау үшін Қытай патшасына елші жіберетіні белгілі болады. Расында да 1763 жылдың басында ауған елшілері Қытайға жетіп, олардың Жоңғария мен Шығыс Түркістанға шабуылдарының себептерін түсіндіруін талап етеді. Ауған шахының бұл саясаты Қазақстан мен Орта Азия халықтарының қолдауына ие болады. Содан күн тәртібіндегі Ауған – Қытай соғысы бола қалса қазақтардың саясатын анықтау мақсатында Әбілмәмбет хан Түркістанға барша қазақтың

игілерін жинауды бұйырады. Құлсары батыр 1763 жылы қыркүйекте орыс кеңсесіне Түркістанға шамамен 6000 адам жиналып, болашақ саясатын талқыламақ дегенді хабарлайды. Кейін Орыс сұлтаннан белгілі болғандай қазақтар Ахмет шах ұсынысын қолдаған екен (30, С. 104-105). Ахмет шахтың батыл саясаты мен оны қолдаушылардың барлығы Қытайдың саясатына әсер етсе керек, ол Қазақстанға байланысты көзқарастарын біршама тежеген. Мұның өзі Әбілмәмбет пен Абылайдың көршілес халықтарға байланысты саясатын ашық жүргізуге жол ашты.

Қырғыздар шекарадағы қазақ ауылдарын шауып, адамдарды тұтқындап әкетіп жатса, қоқандықтар Ердана би бастауымен Түркістанның Ташкентпен байланысына, сауда-саттықтың дамуына кедергі жасады.

Жоңғарлардан босаған жайылымдарға қазақ-қырғыздың таласы ол жерлерді басып алған Қытайдың ара ағайындық роль атқарып, өз билігін жүргізуіне әкелді. Өйткені қазақ, қырғыздар Қытайдан көмек сұрап бірнеше рет елші жібергенімен, алып ел әліптің артын бақты. Қытайлықтар Әбілмәмбет, Абылай хандарға қырғызды, қоқандықтарды «менің пақырым, маған қарайды» деуден аса алмады. Соған қарамастан Әбілпейіз сұлтан қол бастап қырғыздар шабуылына жауап ретінде соққы беріп, 100-ден аса адамын тұтқындап алып келген. Қазақ-қырғыз байланыстары тарихын зерттеуші А.Махаева «Қырғыз биі Ормамбет «Судың түбін шым бітіреді, даудың түбін қыз бітіреді», - деп қызы Тұмарды Әбілпейізге береді. Әбілпейіздің осы Тұмар ханымнан сүйген балалары - Көгадай, Сәмек, Жабағы кейін Абақ керей билерінің сұрауы бойынша керейлерге төре болып, ел басқарған», - деп түйіндейді (35).

Қырғыздарға қарсы жорықтарды Абылай хан мен Әбілпейіз сұлтан 1765, 1766 жылдары да жалғастыра түсті. Қырғыз ғалымдары қанды шайқастардың бірінде Абылай хан қолға түсті, оны тек 3 айдан соң қырғыз ханы Жайыл босатты деп те жазып жүр (36). Дегенмен мұндай тұжырымды мұрағат деректері дәлелдемейтіндігін баса айтуға тиіспіз.

1766 жылы қазақтар қырғыздың Қаработа биімен келісімге қол жеткізіп, бидің ұлын бас қылып, бірнеше түтінді ертіп, тұтқындағы қазақтарды босатып алады (37). Міне осындай нәтижеден соң Абылай хан Ердана биге қарсы аттанды. Жорық алдында Абылай Дәулеткерей сұлтанды Қытай патшасына жіберіп, «мына екі ел – бұрыттар мен Ердана бірлесе біздің Ұлы жүзді тонап кетті. Алдағы жылы біз бұрыттарды барымталадық. Кейін екі жақ бітімге келсек деген ниетпен бір-бірімізге елші жібере бастадық. Тек Ердана ғана бізге толассыз шапқыншылық жасап жатыр», - деп өзінің соғыс жариялау себебін түсіндіріп, тағы да әскери көмек сұрайды (31, 104 б.). 1767 жылы 20 қазанда Қытай патшасы Абылайға «Сіз менің мәңгілік жарылқауымда боламын десеңіз, жұртымызбен де тату болыңыз» деген жолдармен жауап қайтарып, Дәулеткерей сұлтанды шығарып салады (33, 376 б.). Мұндай жауапқа қарамастан Абылай араға уақыт сала Ердананы бағындырады.

Міне осындай қилы тарихи оқиғаларда Әбілмәмбет хан қазақ үшін, оның ертеңгі болашағы үшін болған шешуші тарихи текетіресте – батысы

мен шығысындағы, солтүстігі мен оңтүстігіндегі маңызды барлық түйінді мәселелерде ойып тұрып өз орнын алды.

Ол XVIII ғасырдың 70 жылдарына дейінгі ұлан байтақ территорияны иеленіп, айналадағы Ресей, Иран, Жоңғария, Қытай, Ауған елдерімен болған қарым-қатынаста ұлт мүддесін жоғары қойып, қазақтың бірлігін сақтауда көзге түсті. Өз заманында жаулап алушылық саясатты ұстанған елдер Әбілмәмбетті Әбілқайыр ханнан кейінгі қазақтың бас ханы ретінде таныды. Оның тікелей қатысуымен Жоңғария түпкілікті жеңілді, Қытай қазақты таныды, оңтүстік қалалар, соның ішінде Түркістан кері қайтарылып, қазақтың астанасы ретінде қайта түледі. Ресей, соның ішінде И.И. Неплюев Әбілқайырды тарих сахнасынан кетіргенімен, Әбілмәмбет пен қазақтың өзге хан, сұлтандарының арасында арандату саясатын жүргізе алмады. Керісінше Әбілмәмбет хан қазақтың ендігі үміті Абылайды қолдап, Орта жүз ханы етіп қана қоймай, оның төңірегіне барша төре тұқымдарын, би, батырларды жинады, көзі тірісінде түбінде барша қазақ мойындайтындай тұлға ретінде тәрбиеледі. Оның айқын дәлелі Абылайдың жоғарыда келтірілген 1767 жылғы 14 желтоқсандағы хаты бола алады. Яғни, Әбілмәмбет қазақ хандарының ішінде алғаш рет көзі тірісінде билікті лайықты тұлғаға берген бірінші және соңғы хан. «Абылай хан» жырындағы:

Айтады жасы алпыстан өткендігін,
Азайып ақыл-қайрат кеткендігін,
Хан бол деп Абылайға айтқан серттің,
Мөлшерлі күні бүгін жеткендігін
Төрімнен көрім жуық енді менің,
Кенелттің тірі келіп, толды кемім.
Тірі күнде берейін өз қолыммен,
Мінеки, хандық мұрам болсын сенің,

-деген жолдармен анықтап ұғындыруға болады (24, 218 б.). Өлең жолындағы «Тірі күнде берейін өз қолыммен, мінеки, хандық мұрам болсын сенің» деген соңғы жолдары Абылайдың 1767 жылғы хатымен де үндесіп тұрғандай. Әбілмәмбет хан есімі орыс деректерінде соңғы рет 1768 жылдың желтоқсанында аталады. Ол бойынша Орта жүзден барлаудан оралған К. Юсупов пен У.Аслаев 1768 жылы 27 қарашада Орынборға келіп, Әбілмәмбет ханның амандығын жеткізеді (38). Содан кейін ол туралы деректер мұрағат қорынан кездеспейді. Қытай деректемелерінде 1768 жылы Әбілпейіз «қазақтың ел ағасы» ретінде атала бастайды (30, 379б.). Соған қарағанда Әбілмәмбет хан 1768 жылдың соңында немесе 1769 жылдың басында қайтыс болғанға ұқсайды. Оны 1769 жылы Цинь патшалығынан Әбілмәмбет асына 200 тұяқ жылқы ақтық салып, арнаулы адамдардың жіберілуімен анықтай түсеміз (39).

Әбілпейіз 1772 жылы қыркүйекте Қытайға жолдаған хатында «Әбілмәмбет ханның бар кезінде, Ташкент жақтан бізге керектілердің барлығы келуші еді, екі-үш жыл болды, қырғыз жабылды да әрі-бері жүргелі болмай қалды» (31, 117б.) - деп атап өтеді.

Сонымен Әбілмәмбет хан дүниеден өтіп, артына өз ісін жалғастырар

Абылай ханды, ұлдары Болат, Әбілпейіз, Тәуке, Әбілтек т.б. қалдырды. Үлкен ұлы Болат хан кейін Орта жүздегі арғын, қоңырат, Ұлы жүздегі Сары үйсін руларын биледі. Ол да әке ізімен Түркістанда тұрақтап, Абылаймен байланысын үзбей, ханның 1779-1780 жылдардағы қырғыздарға қарсы жорықтарын қолдады. 1780 жылы Абылай хан қолға түсірген қырғыздың атақты билерінің, ішінен 3 отбасын осы Болатқа, 2 отбасын Әбілпейізге жібереді. Қырғыз отбасыларының барлығы Орынбор генерал-губернаторы генерал-поручик И.А.Рейнсдроптың анықтауынша лайықты дәрежеде ұсталған екен (20, С.140).

Орыс деректері Болат ханмен бірге Түркістанда бір мезгілде Сәмеке ханның кіші баласы Есімнің де хан болғандығын дәлелдейді. 1796 жылы жаз айларында Ташкентке барып қайтқан сержант А.Безносиковтың хабарлауынша Тәуке ханның немересі Есім Сәмекеұлы мен шөбересі Болат Әбілмәмбетұлы Түркістанда өздерінің қатыгездіктерімен аты шыққан екен. Олар өзара теке-тірес болған. Содан Есім хан Бұхара билеушісі Шахмұрат биден көмек сұрап, оның қарамағына өткен. Бұл қателігін Есім хан кеш түсінген екен (20, С.162). Шамамен 1798 жылдардан кейін Болат ханның билігі үлкен ұлы Тоғым сұлтанға өткен. Тоғым арғын руының қуандық бөлімінің алтай бөлімшесін басқарып, жаз айларында Нұра, Өлеңті өзендерін, қыста Баянауылды жайлаған. Ол қытайлықтармен байланыс орнатып, олардың «ван» дәрежесін иеленген.

Әбілмәмбеттің екінші баласы Әбілпейіз сұлтан хандық таққа жетпегенімен, ел ішінде, Ресей, Жоңғария, Қытай билеушілері алдында айтарлықтай беделге ие болған. Әбілпейіз әке аманатын арқалап тек сыртқы саясатта ғана емес, әскермен ел қорғауда да көзге түскен. Дегенмен Құрманғали Халидұлы «Әбілпейіз хан» еңбегінде «Әбілпейіз ханның өзінің не Россиямен, не Жүңгөмен байланыс жасағандығы мәлім емес. Жұмыртқа басқан тауыққа ұқсап бала көбейтіп, оларды ел-елге таратып, төре сайлаумен өткеннен басқа атағы шыққан емес» деп бағалайды (24, 355 б.). Алайда бұл пікірді жоғарыдағы мұрағат деректері толық жоққа шығарады. Өйткені Әбіпейіздің алдымен Жоңғария елшілігі, кейін Қытаймен болған келіссөздерді басқаруы, шекарада әскери қол бастап, соғыстарға қатысуы тұлғаның өмірдегі белсенділігін дәлелдейді.

Қорыта келгенде Әбілмәмбет Болатұлы қазақ тарихында өзіндік орыны бар, қиын-қыстау, аласапыран заманда ел алдына шығып, халқын сақтауда өлшеусіз үлесін қосқан атасы Тәуке, немере бауыры Әбілқайырдың азаттық ұранын жалғастырған тұлға. Оны туған халқына қайтару Отандық тарихтың өзекті мәселесі десек, ал сіңірген еңбегін зерделеп көпшілікке жеткізу - тарихшының міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 РИССМ. 122 қ., 122/2 т., 1766-1769, 18 іс, 189 п.
- 2 Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. - Уфа, 1999. С.85
- 3 Сыздықова Р., Қойгелдиев М., Қадырғали би Қосымұлы және оның

- жылнамалар жинағы. -Алматы, 1991. 251, 259 б.
- 4 Әбілғазы. Түрік шежіресі. -Алматы, 1991. – 119 б.
 - 5 Кудайбердыұлы Ш.Родословная тюрков, киргизов, казахов и ханских династии. -Алма-Ата, 1990. С. 96-97
 - 6 Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата, 1961, С.404(Алда КРО-1 деп беріледі)
 - 7 Ерофеева И.В. Родословные казахских ханов и кожа XVIII-XIX вв. (История, историография и источники). -Алматы, 2003. –С.74
 - 8 Левшин А.И. Описание киргиз – казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. -Алматы, 1996. С.165
 - 9 Тынышпаев М. История казахского народа. -Алма-Ата, 1993. С. 163
 - 10 Ерофеева И. Хан Абулхайр.-Алматы, 2003, С.156
 - 11 История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. II том. - Алматы, 2008, С. 271
 - 12 Абылай хан. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар жинағы (Құрастырған З.С.Тайшыбай). – Петропавл, 2005. – 13 б.
 - 13 РККАМ 248 қ., 17 т., 1164 кітап, 744 п.
 - 14.Материалы по истории Башкирской АССР. Под ред. А.П.Чулошникова. – Москва. – Л; АН СССР, 1936. – С.309,335
 15. Избасарова Г.Б. Казахско-башкирские отношения в XVIII веке (1701-1755 гг.) Рукопись диссертации на соискание уч. степ. к.и.н. – Алматы, 2000, С.81
 16. РККАМ. 248 қ., 17 т., 1183 кітап, 176-181 п.; Акманов И. Вожди восстаний XVII- XVIII вв. Из башкир Казахской дороги // Ватандаш. Общественно-политический, научно-популярный и художественный журнал (Башкортостан), 2006, май
 17. Витевский В.Н. И.И.Неплюев и Оренбургский край в прошлом его составе до 1758 года. Т.1-4.-Казань, 1889-1897. – С.158; Мұқтар Ә.Қ. Азаттық таңы жолында. –Алматы, Ғылым. -2001. -29б.
 18. Крафт И.И. Принятие киргизами русского подданства. -Оренбург, 1897, С.89-43; КРО 1. – С.126-128
 19. Рычков П.И. История Оренбургская (1730-1750). -Оренбург, 1896. – С.36,41
 20. История Казахстана в русских источниках XVI – XX веков. VI том. - Алматы, 2007. –С.33,51
 21. КРО 1. С.134-170; Абылай хан. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдардың жинағы (Құрастырған З.С.Тайшыбай.). – Петропавл, 2005. – 97 б.
 22. Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизских степных областей. - Оренбург, 1898. – С.115
 23. Абуев К. Хан Абылай и его время. – Астана: Елорда, 2006. – С. 72-74
 24. Абылай хан. Тарихи жырлар. -Алматы, 1993, 1 том, 211 б.
 25. Русско-джунгарские отношения (конец XVII – 60-е гг. XVIII в.). Документы и извлечения. -Барнаул, 2006. – С.79-81
 26. РИССМ. 133 қ., 133/1 т., 1745, 2 іс, 64 п.; Абуев К. Көрсетілген еңбек.

С. 96

27. ОрОММ. 3 қ., 1 т., 8 іс, 137-140 п.

28. Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи в XVI-XVIII вв. -Алма-Ата, 1991, С.173

29. История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. III том. - Алматы, 2005. – С.207-209

30. Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана XVIII века (О внешней и внутренней политике Аблая. А – А., 1988. – С.45

31. Қазақстан тарихы туралы қытай деректері. III том. Цин патшалық дәуірінің мұрағат құжаттары. Алматы, 2006. – 13- 14 б.).

32. Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династии в XVIII – середине XIX вв. // Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования. Материалы к Летнему Университету по истории и культуры Центральной Азии и Казахстана (4-23 августа 1997 г.). – Алматы, 1997. – С. 81, 118-119

33. 100 құжат (қазақ хандығы мен Чиң империясы арасындағы қарым-қатынастарға байланысты құжаттар). – Алматы, 1998. – 55, 58, 61 б.

34. РИССМ. 122 қ., 122/1 т., 1763, 2 іс, 9 п.

35. Махаева А. Қазақ – қырғыз саяси байланыстарының тарихы (XVIII ғ. II жартысы – XX ғ. бас кезі). – Алматы, 2007. – 39 б.

36. Мұқтар Ә. Тарих тұңғығындағы тұлғалар (XVIII-XIX ғғ.). – Алматы, 2008, - 64 б.

37. РИССМ. 122 қ., 122/1, 1766, 14 іс, 269 п.

38. ОРОММ. 3қ., 1т., 98 іс., 281-283п.

39. Мұқанбетқанұлы Н. Тарихи зерттеулер. –Алматы, 1994. -60б.